

В НОВЫХ ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ РЕАЛИЯХ РОЛЬ НАШЕГО РЕГИОНА В ПРОДВИЖЕНИИ И РАЗВИТИИ ТРАНСКОНТИНЕНТАЛЬНОЙ ТОРГОВЛИ СТРЕМИТЕЛЬНО ВОЗРАСТАЕТ. В ЭТИХ УСЛОВИЯХ КАЗАХСТАН АКТИВНО РАЗВИВАЕТ ТРАНСКАСПИЙСКИЙ МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТРАНСПОРТНЫЙ МАРШРУТ. С 2017 ГОДА ПЕРЕВОЗКА КОНТЕЙНЕРОВ ПО МАРШРУТАМ ДАННОГО КОРИДОРА ВЫРОСЛА ПОЧТИ В ТРИ РАЗА.

Касым-Жомарт Токаев,
Президент Республики Казахстан



№57 (2772)
29/07/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ДОРОЖНАЯ КАРТА ТМТМ

Разработку Дорожной карты по синхронному устранению «узких» мест на Транскаспийском международном транспортном маршруте (ТМТМ) обсудили премьер-министры Казахстана и Грузии во время встречи в Нур-Султане.

Любовь РОВБА,
Нур-Султан

Прибывший с визитом в Нур-Султан Премьер-министр Грузии Ираклий Гарибашвили отметил, что наши страны имеют большой потенциал для расширения сотрудничества во многих сферах, включая грузоперевозки и продовольственную безопасность.

Обсуждая вопросы развития ТМТМ, стороны отметили, что для повышения его конкурентоспособности необходимо снять инфраструктурные ограничения на железнодорожных участках и в морских портах, а также пересмотреть существующие тарифы.

– Этот проект имеет стратегическое значение для наших стран. Казахстан поддерживает все инициативы по развитию транзитно-транспортного потенциала региона при соблюдении баланса интереса заинтересованных сторон. Предлагаем вместе с другими участниками маршрута разработать Дорожную карту по синх-



ронному устранению «узких» мест и развитию потенциала ТМТМ на 2022-2025 годы, – сказал Премьер-министр РК Алихан Смайлов.

Он также подчеркнул, что благодаря совместным усилиям между Казахстаном и Грузией в настоящее время отмечаются рекордные показатели взаимного товарооборота. Так, в этом году он вырос до 147,7 миллиона долларов, что в 4,7 раза выше по сравнению с аналогичным периодом прошлого года.

По итогам встречи стороны подписали ряд двусторонних документов, в том числе соглашение о сотрудничестве между АО «НК

«Қазақстан темір жолы» и АО «Грузинская железная дорога».

Днем ранее Алихан Смайлов провел совещание в Правительстве по вопросам развития Транскаспийского международного транспортного маршрута, в ходе которого обсуждены вопросы реализации на маршруте крупных инфраструктурных проектов, включая строительство вторых железнодорожных путей на участке Достык – Мойынты, контейнерного хаба в порту Актау, обводной железнодорожной линии станции Алматы, а также взаимодействия с другими участниками ТМТМ.

БОЛЬШОЙ ИНТЕРЕС



АО «НК «ҚТЖ» выпустило облигации на общую сумму 118,9 миллиарда тенге на фондовой бирже KASE. Срок обращения составит два года.

Выпуск облигаций национальной компании вызвал большой интерес со стороны участников фондового рынка РК. Держателями облигаций выступили свыше 400 участников рынка, включая БВУ РК, страховые компании, международные финансовые институты, а также непрофессиональных участников рынка (физические лица).

Как указано в проспекте выпуска облигаций, привлеченные средства будут направлены на рефинансирование имеющихся заимствований.

Напомним, на совещании с участием членов Правительства, руководителей профильных министерств и ведомств, национальных компаний по развитию транспортно-транзитного потенциала страны 7 июля 2022 года Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев сказал, что необходимо осуществить масштабную модернизацию национальной компании «Қазақстан темір жолы».

– Возможно, пришло время трансформировать ҚТЖ в национальную транспортно-логистическую компанию. Это расширит мандат и ее задачи, позволит более комплексно вести работу по развитию транспортно-транзитного потенциала страны, – заявил он.

Айлин БАУРЖАН



АСҚАР ҚЫЛЫШБЕКОВ,
«KTZ Express» АҚ Басқарма төрағасының
міндетін атқарушы

КОМПАНИЯ ТАПСЫРЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ НАҚТЫ СҰРАНЫСТАРЫНА ЖАУАП БЕРЕТІН СЕНІМДІ ШАРТТАРДЫ ҰСЫНУ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ТІЗБЕГІН БАСКАРУДЫҢ JEKE ШЕШІМДЕРІ БОЙЫНША БЕЛСЕНДІ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДЕ. ОНЫҢ ЖАРҚЫН КӨРІНІСІН, АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ ЖЕТІ АЙЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ЭКСПОРТТЫҚ БАҒЫТТАҒЫ КОНТЕЙНЕРЛЕРДЕ ТАСЫМАЛДАНҒАН ФЕРРОСИЛИЦИЙ КӨЛЕМІНІҢ 11,5 МЫҢ ТОННАНЫ ҚҰРАУЫНАН КӨРЕМІЗ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

В ПЕРВОМ ПОЛУГОДИИ ВСЕМИ ВИДАМИ РЕМОНТА ОБНОВЛЕНО БОЛЕЕ

545 км

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ПУТИ

ПО ИТОГАМ СЕМИ МЕСЯЦЕВ ТЕКУЩЕГО ГОДА ЭКСПОРТ ФЕРРОСИЛИЦИЯ В КОНТЕЙНЕРАХ СОСТАВИЛ

11,5 тыс. тонн

ЕВРОПЕЙСКИЙ БАНК РЕКОНСТРУКЦИИ И РАЗВИТИЯ ИНВЕСТИРУЕТ ДО

50 млрд тенге

В ВЫПУСК ОБЛИГАЦИЙ АО «НК «ҚТЖ»

Тасымал

ТИІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ НӘТИЖЕСІ

Негізгі табыс көзін жүк тасымалы құрайтын теміржол көлігінде сауатты менеджмент үлкен рөл атқарады. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС биыл локомотив жұмысының өнімділігін және жүк тасымалының тиімділігін арттыру бағытында бірқатар оңды шаралар қабылдаған болатын. Нәтижесі қандай?

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

Айталық, жүк тасымалы тиімділігін арттыру бағытында жалпы жүк тиелімінің 70% қамтитын ірі клиенттермен жұмыс жүргізіліп, оның барысында туындаған мәселені өтініш жасау – қарау – әрекет ету принципі бойынша 3 күн ішінде шешу қарастырылған. Нәтижесінде, шұғыл мәселелердің шешімі жүйеленіп, клиент тарапынан талап-шағым айтарлықтай азайған.

Екінші бір шара, көрші жолдардың жүктерді нақты тасымалдауына байланысты тасымалдарды нақты жоспарлауға бағытталған. Соның арқасында, өткен жылға қарағанда қозғалыстан қалып қойған пойыздардың бос тұру

уақытын 47%-ға немесе 40 млн вагон-сағатқа азайтуға қол жеткізілген. Бұл өз кезегінде, вагонның орташа тәуліктік өнімділігінің көрсеткішін 6,1%-ға арттыруға мүмкіндік беріп отыр.

Локомотив өнімділігін арттыру да жүк тасымалын бірік локомотивті үнемдеуге, локомотивтердің жеке жүрісін 235,9 мың километрге азайтуға және орташа өзіндік құнды 28%-ға төмендетуге мүмкіндік берген. Өйткені, электр тартқыштың өзіндік құны жылы тартымына қарағанда 2,3 есе төмен.

Сонымен қатар локомотивтер мен локомотив бригадаларының қызмет көрсету иіндерін ұзарту есебінен де



– жылы тартқышпен жүретін 330 пойызды электр тартымы бағдарларына қайта бағыттау. Бұл тәулігіне орта есеппен 6,2 бірлік локомотивті үнемдеуге, локомотивтердің жеке жүрісін 235,9 мың километрге азайтуға және орташа өзіндік құнды 28%-ға төмендетуге мүмкіндік берген. Өйткені, электр тартқыштың өзіндік құны жылы тартымына қарағанда 2,3 есе төмен.

Сонымен қатар локомотивтер мен локомотив бригадаларының қызмет көрсету иіндерін ұзарту есебінен де

локомотивтерді үнемдеуге қол жеткізілген. Биылғы жылдың алты айында өткен жылға қарағанда локомотивтердің тіркеу станцияларында тұрып қалуының 6,6%-ға, айналым станцияларында 2,6%-ға және бригадаларды ауыстыру станцияларында 3,2%-ға төмендеуі де тартымдық қызмет көрсетуші техниканың өнімділігін арттыра түскен. Қорыта айтқанда, тасымал тиімділігін арттыру бағытында қабылданған шаралар өз нәтижесін беруде.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

ОТРЕМОНТИРОВАТЬ И АВТОМАТИЗИРОВАТЬ

На грузовом участке Алматы-1 филиала АО «Кедентранссервис» планируется автоматизировать процесс управления обработкой транспортных средств.

Роман ЛЮБИМОВ,
Алматинская область



С конца июня здесь ведется эксплуатационный ремонт автомобильных и внутриплощадочных дорог. Из-за изношенности асфальтового покрытия работники филиала АО «Кедентранссервис» по Алматы и Алматинской области неоднократно обращались в акимат. В итоге он отремонтировал автомобильную дорогу от улицы Северное кольцо до КПП №5 грузового участка Алматы-1 общей площадью 1 000 квадратных метров. Кро-

ме того, силами подрядной организации ТОО «ВВ И К.ЛТД» проводится разборка старого и укладка нового асфальтового покрытия на 3 150 квадратных метрах внутриплощадочных дорог.

Выполненный ремонт позволит повысить качество и скорость оказываемых терминальных услуг, начиная от краткосрочного либо долгосрочного хранения до организации погрузочно-разгрузочных работ различных видов грузов.

В ходе ремонта также установлены шлаббаумы, камеры для считывания и необходимая вычислительная техника. В ближайшее время планируется возведение арки на въездной группе грузового участка Алматы-1.

– Совместно с центральным офисом АО «Кедентранссервис» мы работаем над автоматизацией процессов управления обработки транспортных средств на территории грузового участка. До конца года планируем полностью запустить регистрацию автовизита, автоматизированное планирование занятости грузового участка, распределение транспорта по площадкам, осуществление пропуска машин на КПП и управление действиями водителей транспорта, – отметила директор филиала АО «Кедентранссервис» по городу Алматы и Алматинской области Замира Есмуратова. – Мы приложим максимум усилий для повышения качества оказываемых услуг для клиентов.

Фото автора

60 МЫҢ ВАГОН ҚОЛДАНЫСТА



Теміржолдағы көмір тасымалы – әсіресе күз мезгілінде күрделене түсетін тақырып. Жыл сайын «ҚТЖ» ҰЖ-АҚ жүк жөнелтушілерді күзде емес, жазғы уақытта көмір тасымалы көлемін арттырып, жылғы маусымда басталатын қарбаластың алдын алуға шақырса да, іс жүзінде бұған қол жеткізу оңай болмай келеді.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС атқарушы директоры Нұржан Келбұғановтың айтуынша, өткен жылдың қорытындысында Қазақстанда 106,2 млн тонна көмір тасымалданған, бұл 2020 жылғы көрсеткішке қарағанда 3 млн тоннаға көп. Ал биыл алғашқы жартыжылдықта теміржол арқылы 36,8 млн тонна тасымалданыпты. Осы бағытта биыл жедел штаб құрылып, күн сайын тиісті құрылымдардың қатысуымен отырыстар өткізілуде. Сол отырыстарда көмір тасымалындағы дүрбелен – тасымал процесі кезінде емес, көмірді теңдей тиеу және түсіру процесінің болмауынан туындайтыны айтылады, алайда бұған «ҚТЖ» толықтай ықпал ете алмайды. Теміржолшылар кірме жолдардың иелеріне инфрақұрылымды көмір тасымалына уақытылы дайындауды сұрайды. Сонымен қатар ірі көмір кен орындарымен бірге жүк ағынын бағдарлау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл жерде, яғни қоймаларда көмір жетіспеушілігін тудырмас үшін көмірді алдын ала сатып алу және сақтау мәселесі бойынша әкімдіктер тарапынан қолдау керек.

«Қазтеміртранс» АҚ бас директорының орынбасары Александр Ширавтең айтуынша, компания паркінде қазіргі таңда 22 мың ашық вагон бар, ал жеке операторлардың жылжымалы құрамын қосқанда желіде 60 мың вагон қолданыста. Бұл көмір тасымалы бойынша жылжымалы құрамды теңдей пайдаланған жағдайда жеткілікті. Бұған қоса «ҚТЖ» тарифтері 1 тамыздан бастап арттырылғанның өзінде нарықтағы бағадан төмен күйінде қалып отыр. Сондықтан «Қазтеміртранс» АҚ паркіне сұраныс жоғары болып тұр.

Ұлан ОРАЗ
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК



ЕЛЕУЛІ ЖАҢАЛЫҚТАР ОРЫН АЛМАҚ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



Жаңа облыстың орталығына айналған Семей шаһарындағы теміржол вокзалы барлық талапқа сай ма? Көркейту мен аумағын абаттандыру, ең бастысы жолаушылар үшін жасалатын қолайлылық қандай? Бұл жайында Абай облысы әкімдігі мен вокзал шаруашылығы басшыларының кездесуінде айтылды.



Жуырда жаңа облыс басшылығы алғаш рет Семей вокзалына келіп, ондағы іс-шаралар қатарымен, теміржолшылардың күнделікті қызметімен танысты. Лауазымды тұлғаларды қарсы алған Семей магистральдық желі бөлімшесі басшысының орынбасары Азат Санмұратұлы алдағы атқарылатын жоспарлы шаралармен, осыған дейін жүргізілген жұмыстармен таныстырды.

Облыс басшылығы вокзал бекетінің күту залы, билет кассалары және вокзал перронында болып, қалыптасқан ахуалға қанықты. Бұл орайда әкімдік өкілдері алдағы уақытта тиісті ұсыныстар әзірлемек.

Облыс орталығына жолы түскен қонақтар ең алдымен вокзалға келеді. Теміржол бекеті мен автобекет қаламыздың айнасы іспеттес. Сондықтан ең алдымен қала қақпасы дұрыс болуы керек. Бірқатар мәселелер бар екен, оларды шешу бойынша жұмыстар жүргізілетін болады, – деді бұл орайда пікір білдірген Абай облысы әкімінің бірінші орынбасары Нұрбол Нұрсағатов.

Десек те, биылғы жылы салынғанына жарты ғасыр толатын, жалпы тарихы 108 жылды құрайтын вокзал қызметіне жолаушылар қауымы риза.

– Ағымдағы жылғы вокзалдың 50 жылдық мерейтойына орай Семей магистральдық желі бөлімшесінің вокзал шаруашылығы бірқатар іс-шараларды қолға алмақ. Соның ішінде, жолаушыларға көрсетілетін қызмет сапасын арттыру бірінші кезекте тұр. Алдағы уақытта вокзал бойынша мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін толықтай жағдай жасалып, брайль тақтайшасы, шақыру түймешіктері қойылатын болады. Яғни, атқарылатын жұмыстар көп алда, – дейді вокзал бастығы Есет Қажығұлов.

Бұл бағыттағы жұмыстар ағымдағы жылдың өткен маусым айынан бастап қолға алынууда. Сонымен қатар, теміржолшылардың кәсіби мерекесіне орай бірқатар межелі шаралар да ұйымдастырылатын болады.

Бұйырса, жарты ғасырлық мерейтой қарсаңында баршаға жаңарған, заманауи талаптарға сай теміржол вокзалы қызмет көрсететін болады. Бұл орайда теміржолшыларға облыс әкімдігі елеулі көмек көрсетпек.

Суретті түсірген автор

ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫ АЗАЙМАЙ ТҮР...

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан



Жыл басынан бері еліміздің магистральдық желі бойындағы теміржол өткелдерінде 16 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Автокөліктердің пойызбен соқтығысу салдарынан жылжымалы құрам 2 рет жолдан шығып кеткен.

Барлық апаттың себебі біреу – автокөлік жүргізушілерінің жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзуы. Осыған байланысты Магистральдық желі дирекциясы көлік жүргізушілерімен және автошаруашылық басшыларымен теміржол өткелдерінде ереже бұзушылықты болдырмау үшін алдын алу жұмыстарын жүргізіп келеді. Мәселен, «Назар аударыңыз – өткел!» тақырыбында қауіпсіздік айлықтары өткізіліп, теміржол өткелдерінде аниалаттар орнатылып, сондай-ақ, жүргізушілерге теміржол өткелдері арқылы өту ережелері егжей-тегжейлі түсіндірілген буклеттер таратылып тұрады. Өткен алты ай ішінде 371 автошаруашылықта жиындар өтіп, 77 221 жүргізуші магистральдық желіні кесіп өту ережелерімен танысты. «Алайда, Дирекция қабылдап жатқан шаралар біз күткен нәтиже бермей отыр, автокөлік жүргізушілері мен бөгде адамдар темір жолдарда қауіпсіздік ережелерін бұзуды тоқтатар емес. Осылайша, олар өз өмірлеріне ғана емес, өзгенің де өміріне қауіп төндіруде. Олардың бұл әрекеті «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексында қарастырылған әкімшілік құқық бұзушылықтар жиынытығын құрайды», – дейді Магистральдық желі дирекциясы директорының қауіпсіздік жөніндегі орынбасары Бахытбек Алдажаров.

Оның айтуынша, жол-көлік оқиғаларының 3 жағдайында автокөліктің тежегіш жүйесі істен шыққан. Жалпы жол-көлік оқиғаларының өткелдерде пойыздар кідірісіне алып келетіні өз алдына, Компания инфрақұрылым мен жылжымалы құрамның зақымдалуына байланысты айтарлықтай қаржылық шығынға ұшырап отыр. Мысалы, өткен жылы Арқалық-Шұбаркөл учаскесінде КАМАЗ автокөлігімен соқтығысқаннан кейін локомотивті қалпына келтіру шамамен жарты миллиард теңгені құраған.

Сұхбат



Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

– Бөріхан Сматуллаұлы, отыз алты жыл темір жол саласында еңбек етіп келеді екенсіз. ҚТЖ болып құрылған 25 жылда алпауыт компания неге қол жеткізді?

– Алмағайып заманда «Тәуелсіздік» деген теңдесіз құндылыққа қол жеткізген еліміз осыдан отыз жыл бұрын мүлдем жаңа арнаға бет бұрды. Жас мемлекет бәрін нөлден бастады деуге болады. Кеңес үкіметі ыдырағаннан кейін бұрын одақтың қатынас жолдар министрлігіне қараған темір жолдар жұмысы белгілі қиындықтармен бетпе-бет келді. Ортақ байланыс үзіліп, жабдықтау жойылғасын тез тоза бастады. Жүк тасымалы күрт азайып, пайдасынан шығыны көбейген отандық теміржол көлігін үлкен реформа күтіп тұрды. 1997 жылы елдегі үш теміржол басқармалары біріктіріліп, «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылды. Бір орталықтан басқарылып, нарықтық қатынастарға сай қайта құрылып, жүк тасымалы жұмыстары бір ізге қойылды. Транзиттік тасымалды тиімді қалыптастыру үшін жаңа бағыттар ашылып, ірі құрылыстар қарқынды жүре бастады. Соның ішінде ерекше екпін беріп айтатын бірегей жобалар, осы ширек ғасырда Қазақстан темір жолы 2000 км асатын теміржол салды. Олардың қай-қайсысын алмаңыз, ішкі және сыртқы байланыс үшін өте маңызды, бірегей жобалар еді. Бір ғана «Хромтау-Алтынсарин» темір жолының батыс өңірінің дамуына орасан зор мүмкіндік ашқан жоба болғаны талас тудырмайды. Жалпы, 25 жылда ҚТЖ қол жеткізген жетістіктер аз емес, темір жолда тек бірегей жобалар жүзеге асырылды.

– Осы жылдар ішінде Ақтөбе өңірінің даму қарқынын қалай бағалар едіңіз?

– Жалпы соңғы ширек ғасырда батыс өңірінде құрылыс қарқыны жоғары болды. Ең алдымен географиялық тұрған жері де транзитке лайық, логистикаға ыңғайлы. «Хромтау-Алтынсарин», «Өзен-Түркіменстан», «Жезқазған-Бейнеу», «Құрық-Баутино» және Маңғыстауда жаңа порт салынды. Өңірдің транзиттік әлеуеті еселеп өсті. Бір ғана Ақтөбе бөлімшесінде 370 шақырымға жуық темір жол салынып, 16 жаңа станция мен развезд ашылды. «Ғасыр құрылысы» аталған «Хромтау – Алтынсарин» темір жолы елдің шығысын батыспен, орталық

Ел экономикасының күретамыры деп темір жолды беркер айтпаса керек. Тәуелсіз Қазақ елінің даму драйверіне айналған, соңғы отызжылдықта өсіп-өркендеуіне негіз болған «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясына биыл – 25 жыл. Көрші мемлекеттер арасындағы экономикалық байланысты нығайтып, транзиттік әлеуетін еселеп арттырумен қатар, осы жылдар ішінде ішкі темір жол желілерін де дамытқан ұлттық компания ширек ғасыр ішінде талай тар жол, тайғақ кешуден өтті. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Батыс аймақтық филиалының бастығы Бөріхан Беркімбаевпен сұхбатымыз осы тақырыпта өрбіді.

БІРЕГЕЙ ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ

аймақтарды оңтүстігімен біріктірді және шығыстан жүк жеткізу ұзақтығын 2 мың шақырымға, ал жолаушылар ағынын 1,5 мың километрге қысқартты. Егер бұрын 2,5 мың км жол жүріп, Ақтөбеден Астанаға дейін Ресеймен шекараны төрт рет кесіп өтетін болса, жаңа желі салынғаннан кейін Ресей аумағын кесіп өтпей, 24 сағатта жететін болды. Жолдың салынуы жергілікті халықтың әл-ауқатының өсуіне үлкен әсер етті. Жолаушыларға қызмет көрсету пункттері, әлеуметтік-мәдени нысандары мен тиісті темір жол инфрақұрылымы бар 7 станция ашылып, жергілікті халық теміржолшы мамандығын игеруге кірісті. Бұл жол жүк тасымалы саласында да кірісті молайтты. Ішкі кәсіпорындар бұрын мемлекетаралық тарифпен төлеп келсе, жаңа жол республикалық тарифті қолдануға мүмкіндік ашты. Нәтижесінде тасымалданатын жүк көлемі артып, темір жолға да пайда, аймақ дамуына да пайда. Мысалы, бүгінде баяғы Әйтеке би мен кәзіргі Әйтеке би станциясын салыстыруға да келмейді. Жол ашылғанда жергілікті халықтың қуанғаны әлі күнге көз алдымда. Қысқасы, Хромтау-Алтынсарин Ақтөбенің бағын ашқан жоба болды.

– Ақтөбедегі рельс-арқалық зауыты да ТМД-да баламасы жоқ жоба деп дәріптеледі емес пе?

– Бүкіл Қазақстанды шиырлап жатқан темір жолы бар ел үшін рельс пен шпалдың өзімізде өндірілуі маңызды. ҚТЖ-ның тағы бір бірегей жобасы – осы Ақтөбе рельс-арқалық зауытының салынуы. Қазір өз алдына жеке кәсіпорын, отандық теміржол сұранысынан бөлек әлемнің ондаған елдерімен әріптестік байланыс орнатып, өнімін экспортқа жөнелтіп отыр. Бұрын релесті Ресейден, Украинадан алып келдік. Өзімізде зауыт салынуы үлкен мүмкіндіктерге жол ашты. Жол салу, жаңарту жұмыстарында материал тапшылығын жойды. Стандарт Еуропалық Одақ талаптарына сәйкес келеді.

– «Қытай-Еуропа-Қытай» дәлізінің де аймақтың әлеуетін арттыруға үлесі зор болса керек?

– Әрине, Қытай мен Еуропа арасындағы байланыс осыған дейін теңіз арқылы ұйымдастырылып келді. Тауар 1,5 айдың ішінде жеткізілетін. Ал темір жол арқылы жүк 15 күнде жетеді. Бүгінде барлық елмен темір жол байланысымыз бар. Осыған дейін Түркіменстанмен Өзбекстан арқылы байланыс жасап

келсек, бүгінде оған да темір жол ашылды. Атырауда да көптеген жаңа жобалар жүзеге асып, станция, деполар салынды. Соның ішінде Ақжайық станциясын ерекше айтқан жөн. Қала өсе келе бұл станция қала ортасында қалып қойды. Мұнай-газ өндіретін зауыттарға вагон беру кезінде 3-4 өткелден өтеді. Автокөлік жолына кедергі келтіретін. Қазір станция қала сыртына көшірілді. Өткелдердегі кедергі жойылды. Вагон беру-алу жұмыстары жеңілдеді. Бұл – өте ауқымды жұмыс.

– Жалпы ұзындығы 988 шақырымды құрайтын «Жезқазған-Бейнеу» теміржол желісі де Ақтөбе және Маңғыстау арқылы өтеді.


– Қазақстанның 4 облысы – Ақтөбе, Маңғыстау, Қарағанды, Қызылорда арқылы салынған «Жезқазған-Бейнеу» темір жолы республикаішілік көлік-экономикалық қатынастарды ұлғайтып, елдің экспорттық байланысын ұтымды етуге, сондай-ақ транзиттік ағындардың өту жағдайларын оңтайландыруға арналған. Тасымалдау қашықтығының қысқарғанын ескере отырып, бұл Орталық, Шығыс, Оңтүстік және Батыс Қазақстанның республикадағы көлік-экономикалық байланыстарына және экспорттық трафикке оң әсерін тигізген ғаламат жоба болды.

– Трансформациялау жобасының тиімділігі неде?

– 2020 жылдың қазан айында Ақтөбе қаласында «Пойыздар қозғалысын басқару» орталығы іске қосылды. Оған Ақтөбе, Орал, Атырау, Маңғыстау, Қызылорда шекарасында орналасқан инфрақұрылымы бар теміржол учаскелері кірді. Барлық пойыз және локомотив диспетчерлері осы орталықта орналасып, қозғалыс бір жерден басқарылады. Тасымалдау қызметін басқару технологиясының осылай оңтайландырылуы локомотив паркін пайдалану сапасының көрсеткіштерін өсіріп, соның ішінде локомотивтердің орташа тәуліктік жүрісін жақсартуға, локомотив бригадаларын пайдалану тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Бұл өз кезегінде пойыздардың маршруттық жылдамдығын жақсартуға әсер етті. ҚТЖ үшін аса маңызды Трансформациялау жобасының тиімділігін айқындайтын көрсеткіш осы дер едім.

– Сұхбатыңызға рақмет, 25 жылдық мерейтой барша теміржолшыларға құтты болсын!

ҚОРШАУДЫҢ КӨМЕГІ КӨП



Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Аймақта сондай қауіпті нүктелер саналатын Атырау-Махамбет, Махамбет-Қызылжар, Бақсай-Аққыс- тау, Құлсары-Шоқпартоғай, Жантөрек-Мұқыр-Сағыз, Ганюшкино- Атырау аралықтарына Атырау магистральдық желі бөлімшесі жол дистанцияларының күшімен тосқауыл-шарбақ салу жұмыстарын жүргізіп келеді. Бүгінде 224 шақырымда қоршау бар, алайда ол барлық ұзындықтың тек 27 пайызы ғана. Соның ішінде Атырау жол дистанциясы бойынша 118 шақырым, ол Сағыз-Мақат-Атырау-Ганюшкино-Д.Нүрпейсова учаскесі және Құлсары дистанциясы бойынша Мақат-Құлсары-Бейнеу учаскесінде 106 шақырымды алып жатыр.

Жалпы Атырау магистральдық желі бөлімшесіне қарасты жол дистанциялары 2015 жылдан бастап жол бойына мал өтпейтін шарбақ салу жұмыстарын кезең-кезеңмен жүргізіп келді. Алайда, коронавирус салдарынан біраз жұмыс кейінге ығыстырылып қалғаны да рас. Былтырдан бері сол жұмыстар қайта жанданды.

Бөлімшенің жол шаруашылығының күшімен 2021 жылы 100 шақырым көлемінде қоршау



салынды, оның ішінде ПЧ-9-Атырау – 70 км, ПЧ-11-Құлсары – 30 км. Биыл да бұл жұмыс жалғасып жатыр.

«2022 жылы жол дистанциялары бойынша 77 шақырым көлемінде қоршау салу жоспарланған, оның ішінде ПЧ-9-Атырау – 40 шақырым, ПЧ-11-Құлсары – 37 шақырым. Жұмыс желтоқсанға дейін жалғасады. Қазіргі уақытта қолданыстан шығарылған ескі шпалдар қада ретінде орнатылып жатыр, оған сым қоршаулар байланады. Бұл қоршаулардың айтарлықтай көмегі барын айта кеткен жөн. Мәселен, 2021 жылдың 6 айында пойыздардың 138 шұғыл тежеуі

орын алса, 2022 жылдың 6 айында малдың жолға шығуына байланысты пойыздардың 17 шұғыл тежеуі болған. Яғни, малдың жолға шығуына қарсы қоршау салу арқасында пойыздардың шұғыл тежеу оқиғасы 121-ге азайып отыр. Бұл – жақсы көрсеткіш», – дейді бөлімше басшысының өндірістік мәселелер бойынша орынбасары міндетін атқарушы Амангелді Біржанов.

Сондай-ақ, жол дистанциялары басшыларының аудандық, облыстық газеттерге мақала жариялап, ауыл-аудан әкімшіліктерімен және желілік полиция бөлімімен бірлесіп тұрғындарды темір жол жиегіне мал жаю ережесімен ұдайы таныстырып отыруының да септігі тигені анық. Бұған дейін бөлімше қаражатына сатып алынып, жекеменшік мал иелеріне 1000 дана жарықшағылдырғыш таратылған еді. Оның көмегі сол, түнгі уақыттарда мал мойнына байланған жарықшағылдырғыш машинистерге белгі беріп, алыстан «мен мұнда» тұрады. Әрине, теміржолшылар тарапынан осындай түрлі шаралар қолға алынып жатыр, дегенмен ең бастысы мал иелері жауапкершілікті сезінуі тиіс.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

СКОРО В ПУТЬ ПО НОВЫМ РЕЛЬСАМ



КАПРЕМОНТ

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Об этом сообщил начальник отдела пути НЖС Нуржан Калиев.

– На данных участках железнодорожниками проводится замена верхнего строения пути новыми материалами (рельсов, переводных брусев, шпал), ремонт переездов, путей, выправка стрелочных переводов, исправление продольного профиля, обновление балласта, – рассказывает он. – После капитального ремонта категория и класс пути не изменятся.

Одновременно на участках Босага – Акшагыл, Караганозек – Карабас, Айса – Акадыр, Дария – Жарык проводится сплошная смена рельсовых опор.

Нужно отметить, что наиболее рациональна организация работ по смене рельсов с использованием путеукладочных кранов. Эта современная высокопроизводительная техника, как правило, не имеет полной загрузки на работах по смене рельсошпальной решетки при капитальном или среднем ремонте и поэтому с успехом используется на сплошной смене рельсов.



ПЛАН ПО КАРАГАНДИНСКОМУ ОТДЕЛЕНИЮ МАГИСТРАЛЬНОЙ СЕТИ СОСТАВЛЯЕТ 13,8 КИЛОМЕТРА. НА УЧАСТКАХ НУРА – БЛОКПОСТ 696 И ВСЕХ ЧЕТНЫХ ПУТЯХ УЖЕ ОТРЕМОНТИРОВАНО 12,997

– План по Карагандинскому отделению магистральной сети составляет 13,8 километра. На участках Нура – блокпост 696 и

всех четных путей уже отремонтировано 12,997, – резюмировал Нуржан Калиев.

Фото автора

ВРЕМЯ ПОДТЯНУТЬ ГАЙКИ



ПОДГОТОВКА
К ЗИМЕ

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Осенью у депонач проходят традиционные комиссионные осмотры локомотивов, авторемонтные конференции, на которых совместно с представителями других предприятий они рассматривают важные вопросы функционирования авторемонтного оборудования при значительном понижении температуры наружного воздуха в зимнее время. Но и летом локомотивщики не сидят сложа руки и готовятся к зиме заранее.

– У нас на предприятии издан приказ по подготовке депо к работе в зимний период 2022-2023 годов, мы разработали план подготовки хозяйств и кадров, – рассказал исполняющий обязанности заместителя начальника Оскеменского эксплуатационного локомотивного

Здания, сооружения, приписной парк тепловозов подготовят к работе в зимних условиях в Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо (ТЧЭ-22).

депо по производству Даулетказы Библов. – Провели проверку готовности к эксплуатации в зимних условиях зданий и сооружений локомотивного депо. Теперь ожидаем поставку угля для котельных наших подразделений на станциях Кумыстау и Шемонаиха.

На балансе Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо находится 25 зданий. На станции Оскемен-1 – административно-бытовой корпус, гаражи,

ПТО, склады, на станции Кумыстау – здание оборотного депо, поворотный круг, гараж, на станции Шемонаиха – здание дежурного по депо, дом, гараж, котельная.

По информации Даулетказы Библиова, согласно установленным нормам работников депо обеспечивают спецодеждой и спецобувью. Сейчас они снабжены ею фактически на 100%.

– У нас есть утепленные

костюмы для защиты от пониженных температур, сапоги мужские кожаные, рукавицы меховые, шапки трикотажные, шапки-ушанки. Ожидаем поступления утепленных костюмов, – рассказал он.

В локомотивном хозяйстве по плану 12 единиц тепловозов будут работать именно со снегоуборочной, снегоочистительной техникой. СДПМ, СМ-2, СС-1, ФРЭС тоже будут подготовлены к работе в зимний период соответствующим образом.

Конечно, не забыли в ТЧЭ-22 и о первозимниках. 16 машинистов и шесть помощников машинистов тепловозов закрепят за более опытными коллегами, их в первую очередь обеспечат спецодеждой и спецобувью.

– По поводу приписного парка тепловозов – у нас имеется 39,5 единицы, они также готовятся к обслуживанию в зимний период, – продолжил Даулетказы Библов.

Железнодорожники позаботятся не только о работающей технике, но и о паровозе, который несколько лет назад установили на площади перед вокзалом Оскемен-1. Его покрасят, почистят. Но это, скорее, будет приурочено не к зимнему периоду, а к профессиональному празднику железнодорожников, который уже совсем близко.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ДЕЛО ВСЕЙ ЖИЗНИ



Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Родился Аманбай Ештаев в семье потомственных железнодорожников, его родители трудились на железной дороге. Отец – осмотрщиком вагонов, мать – старшим приемосдатчиком. Так что вопрос выбора профессионального пути перед юношей не стоял. Сразу после школы он пошел работать на свою родную станцию Есиль, сначала путейцем, после регулировщиком скорости движения, а затем составителем поездов. Именно эта профессия затянула его на всю жизнь.

– Я все свое детство, сколько себя помню, провел на железной дороге, – вспоминает Аманбай Какимович. – Бегал к родителям на работу, помогал им. С мальчишками мы провожали проносившие мимо поезда и мечтали, что тоже будем работать на «железке». И моя мечта довольно скоро сбылась. Считаю, что выбор мой оказался удачным: всю жизнь я проработал железнодорожником, и ни разу не жалел, каждый день на работе для меня был



словно праздник, на работу шел, и по сей день хожу с удовольствием. Вот что значит

заниматься любимым делом!


О своей работе железнодорожник отзывается с большим уважением. Составитель поездов – профессия и опасная, и очень ответственная, и очень трудная, и очень нужная.

– Составитель поездов постоянно работает в зоне повышенной опасности, – говорит Аманбай Какимович. – Все время нужно быть сосредоточенным, внимательным, контролировать трудовой процесс. Ошибка или минута расслабленности здесь могут стоить очень дорого. – А по-другому никак, если ты любишь свою работу. Для меня железная дорога – это стабильность, уверенность в завтрашнем дне и будущем своих детей. Мне нравится, что здесь у нас есть и медицинское страхование, и пенсионные взносы, и возможность получать для детей путевки. Все это свидетельствует о том, что о нас заботятся. В свою очередь хочу пожелать своим коллегам по всему Казахстану, чтобы железнодорожные колеса крутились непрерывно, желаю самого главного – мирного неба над головой в нынешнее непростое время.

Фото автора

К НАМ ЕДЕТ ДОКТОР...

Яна МАРЬИНА,
Уральск



МЕДПОЕЗД

С 23 июля на территории Западно-Казахстанской области начал работу специализированный медицинский поезд «Жәрдем». На станции Таскала жители приветствовали медиков по казахской традиции – дастарханом, а в конце церемонии прозвучала песня «Спасибо врачам».

Больница на колесах пробудет в Уральском регионе до 9 августа, посетив девять отдаленных станций. На сегодняшний день столичные врачи оказали консультативную и лечебную помощь в поселках при станциях Семиглавый Мар, Таскала и Деркул. Выходные дни пройдут на станциях Переметная и Белес. В августе дойдет очередь до станций Жайык, Алтабас, Амангельды. Завершится врачебный десант в ЗКО на станции Шынгырлау 8-9 августа.

– Специалисты медпоезда готовы оказывать медицинскую помощь, консультировать и давать направления с 09.00 до 18.00. Медперсонал старается принять как можно больше пациентов, провести обследование, назначить лечение и при необходимости направить в районные или областные больницы. Например, в Актобинской области «Жәрдем» посетил 12 станций. За три недели осмотрено более семи тысяч жителей, в том числе 2 693 детей, общее число посещений составило почти 26 тысяч, – пояснила PR-менеджер проекта «Медицинские поезда» Айдана Айтбай.

По ее словам, наиболее популярны терапевты и педиатры, офтальмологи, невропатологи и стоматологи. Жители имеют возможность пройти ультразвуковое исследование, флюорографию, электрокардиограмму, не выезжая в районный или областной центр.

– Проект стал возможным благодаря финансовой поддержке Фонда развития социальных проектов «Samruk-Kazyna Trust» и реализуется совместно Корпоративным фондом «Фонд социальных проектов» при АО «НК «Қазақстан темір жолы» от лица группы компаний АО «Самрук-Қазына» при участии Министерства здравоохранения РК, – отметила Айдана Айтбай.

Фото автора



ВМЕСТЕ СМОЖЕМ БОЛЬШЕ!

Айлин БАУЫРЖАН,
Кокшетау



ПРОФСОЮЗ

Проект Дорожной карты по развитию системы социального партнерства и усилению роли профсоюзных организаций в защите трудовых прав работников. Эти темы обсудили лидеры первичных профсоюзных организаций предприятий узла Кокшетау на встрече с председателем ТОП «Профсоюзный центр Акмолинской области» Кали Рахметовым.



В начале встречи Кали Рахметов поздравил председателей первичных профсоюзных организаций предприятий узла Кокшетау Акмолинского филиала АО «Казпрофтранс» с предстоящим Днем работников транспорта Казахстана.

Также он рассказал о проекте Дорожной карты по развитию системы социального партнерства. В частности, подчеркнул, что в рамках ее реализации предусмотрено принятие мер по активизации работы отраслевых и региональных трехсторонних комиссий, повышению эффективности работы профсоюзных организаций, дальнейшему совершенствованию законодательства.

В ходе выступления Кали Рахметов особое внимание уделил третьему разделу Дорожной карты, который предусматривает усиление роли профсоюзов в защите трудовых прав работников.

– Данный раздел предусматривает проведение акции «Трудовые консультации». В ее рамках будут организованы выезды на предприятия с высоким риском трудовых конфликтов по усилению роли общественного контроля за соблюдением трудового законодательства путем закрепления порядка проведения общественного контроля, разработки типового положения о техническом инспекторе по труду, – подчеркнул Кали Рахметов.

Подводя итоги встречи, председатель Акмолинского филиала АО «Казпрофтранс» Хазис Закирин отметил важность проведения подобных встреч.

– В настоящее время очень важно взаимодействие профсоюза и работодателя. Сегодня профсоюз – это один из наиболее значимых общественных институтов современного мира, который позволяет наладить социально-трудовые отношения, – констатировал он.

В свою очередь Кали Рахметов пожелал первичным профсоюзным организациям предприятий узла Кокшетау успехов в реализации намеченных планов.

Фото автора

АЛҒЫС – АДАМ МЕРЕЙІН ӨСІРЕДІ

Теміржолда мамандық көп. Бірақ жеңілi жоқ. Салада 37 жылдан берi еңбек етiп келе жатқан тәжірибелi билет кассирi Гүлсім Ахметжан осылай дейдi. Түркістанның тумасы, бүгiнде Қарағанды вокзалында билет кассирі болып еңбек ететін ол өмірін темір жолсыз елестете алмайды.



Өмірде түрлі жағдай болып жатады. Ал кейде дөрекі қимыл жасап, өктем сөйлейтіндер де болады. Дегені бола қоймаса, балағаттап кетуден тайынбайды. Сондайлардан сақтасын. Ондай жағдайда көңіл-күйің түсіп, көпке дейін арыла алмай қаласын. Біз үшін алдымызға келген жанның қажетін өтеп, алғысын алудан асқан марапат жоқ. Нанын жеп отырған кәсібіміз жолаушыға қызмет көрсету болғасын еңбегіміздің бағаланғанын қалаймыз. Материалдық тұрғыда жалақымыз, сыйақымыз бар, моральдық тұрғыда ең үлкен баға – адам мерейін өсіретін алғыс алу. Бүгінде билет алу өте оңай. Онлайн түрі жақсы дамуда. Жеңілдіктер де көп. Мүгедектер үшін 50 пайыз жеңілдік бар. «Мейірім»

ПОЙЫЗДА ТИК-ТОК ТҮСІРДІ



№32-33 «Ақтөбе-Алматы» бағытындағы жолаушылар пойызының жолсеріктері «Балалар жылы» құрметіне жазғы лагерьден қайтып келе жатқан кішкентай жолаушыларға ерекше көңіл-күй сыйлады. Вагонда тик-ток түсірген жолсеріктер әрекеті желіде көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді.

Батыс аймақтық жолаушылар тасымалы филиалының жолсерігі Қуаныш Жеткеренов әлеуметтік желіде танымал. Вагон жолсеріктері Қуаныш пен Қайрат Айтжановтың тик-ток түсіру ұсынысын балалар қуана қабылдаған. «Кешегі сапарда түсірілген видео. Идея – қасымдағы әріптесім Қайрат

Айтжановтыкі. Вагон ішінде Алматыдағы жазғы лагерьден келе жатқан бір топ бала болды. Пойызбен екі тәулік жол жүреді. Осы балалардың көңілін көтерейік, ұзақ жолда зерікпесін деген идеямен осындай ұсыныс жасап едік, балалардың қуанышында шек болмады. «Ура, жасайықшы...» деп

Спорт

ДОП ДОДАСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі спорт нұсқаушыларының ұйымдастыруымен Қазақстан темір жолының 25 жылдығы және Теміржолшылар кәсіподағы ұйымының 30 жылдығы құрметіне шағын футболдан жарыс өтті.



Сенбі күні Тараз станциясында өткен телімаралық жарысқа барлығы он команда қатысты. Күнұзаққа созылған

спорттық сайысқа командалар кілең «сен тұр, мен атайын» мықтыларын алып келгені байқалады. Болат жолдың

БОЛЬШОЙ ФУТБОЛЬНЫЙ ПРАЗДНИК

В Кокшетау прошел турнир по футболу, посвященный 30-летию ОО «Казпрофтранс». В борьбе за главный трофей сошлись пять команд. Матчи проходили по круговой системе.



В турнире, организованном председателем профсоюзного комитета филиала АО «НК «КТЖ» Кокшетауской дистанции пути Майирой Альжановой, приняли участие пять команд из Тайыншинского, Володарского, Боровского Кызылжолского направления и узла станции Кокшетау. Среди железнодорожников, принявших участие в соревновании, были и те, кто накануне провел

цельный день на ногах, занимаясь производственными делами. Но недосып, как выяснилось, для этих ребят – не проблема, тем более, если речь идет о спортивном событии.

По итогам турнира лучшую игру показали представители узла Кокшетау. Второе место у команды из Боровского направления, третье – у представителей Кызыл-Ту. Начальник данного предприя-

картасын тегін ашып береміз. Сол картамен келіп, кезексіз алады. Ал кезінде осының бәрі болды ма? Осыдан 30 жыл бұрынғы жағдаймен салыстырғанда көш ілгеріміз, жолаушы қызметінде сандық технологияның нәтижесінде сервис қатты дамуда, тіпті ешқайда барудың да қажеті жоқ, ұялы телефонмен билет рәсімдеп ала беруге болады, – дейді Гүлсім.

Гүлсім Ахметжанның айтуынша, билетті жүретін кезде өткізсе, толық қайтарылмайды, 6 сағат қалғанға дейін өткізсе – 20-25 пайыз, одан кем өткізсе, 30-35 пайыз жоғалтады. – Қазір Ресейге билет алушылар көп. Қымбаттығына қарап жатқан жоқ. Еліміздің оңтүстік бағытына, яғни Алматы, Шымкент, Жамбыл, Қызылордаға баратын халық нөпірі жазда өте көп, билет қашан да тапшы. Сосын, ауа райының қолайсыз кездерінде, әсіресе, алай-дүлей ақ түтек боран соққан қыстыгүндері көліктің барлық түрі тоқтап қалып, бүкіл халық теміржолға ағылатынын жоққа шығара алмайсыз. Демек, ең сенімді көлік – теміржол көлігі, – дейді билет кассирі.

Жолаушы тасымалының білікті маманы Гүлсім Ахметжан – үш қыздың анасы, немерелерінің сүйікті әжесі. Бір қызы «Тальго» жолаушылар пойызында жолсерік болып, анасының жолын жалғауда.

Райхан РАХМЕТОВА
Суретті түсірген автор

шулап қоя берді. Күні бойы «қашан түсіреміз?» деп соңымыздан қалмай, қайта-қайта келеді. Балаларға әсерілеу болсын деп видео түсіру үшін кешкі мезгілді күттік. Вагондағы барша жолаушы, үлкен кісілер де ерекше әсерленіп, қуанып, мәз болды. Әлеуметтік желіде көпшіліктің көңілінен шыққаны бізді ерекше қуантып тастады», – дейді жолсерік Қуаныш Жеткеренов.

Әлеуметтік желіні мотивация құралы ретінде пайдаланатын жолсерік жолаушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлаудан жалыққан емес. Қуаныштың қазіргі уақытта әлеуметтік желіде 14 мыңнан аса оқырманы бар. Теміржол көлігі қауіпсіз, жайлы ғана емес, көңілді де екенін көрсетіп жүр.

Ардақ ЕРҮБАЕВА



майталмандары еңбекте ғана емес, спортта да мықты екендіктерін бұл жолы да дәлелдей білді. Шиеленісті де шебер өткен ойын барысында командалар бір-біріне дес бермей, ұзақ арбасты. Нәтижесінде бірінші орынды Жамбыл локомотив пайдалану депосының құрамасы иеленсе, екінші орынды бөлімше аппаратынан жасақталған құрама, үшінші орынды Жамбыл белгі беру және байланыс дистанциясының жігіттері алды. Доп додасының жеңімпаздарына бағалы сыйлықтар мен трамталар берілді. Жекелеген ойыншылар да арнайы марапатталды.

Ерман ӘБДИЕВ, Тараз
Суретті түсірген автор

25 ВСЕГДА НА ПЕРЕДОВОЙ

В преддверии Дня работников транспорта в ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Павлодарское отделение ГП» открылась Доска почета лучших работников, отобранных на основе нескольких критериев, в том числе результатов профессиональной деятельности и личного вклада в развитие предприятия.

В торжественном мероприятии приняли участие сотрудники профильного ведомства, первые руководители отделений грузовых перевозок и магистральной сети.

– Уважаемые коллеги, поздравляю вас с наступающим праздником! Своим самоотверженным трудом вы подаете пример для молодого поколения. Большое спасибо за отличную работу и преданность профессии. От всей души каждому из вас желаю крепкого здоровья и счастья, – сердечно поздравил подчиненных директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Павлодарское отделение ГП» Мухтар Жамбулов.

Многие из удостоившихся чести быть представленны-



ми на Доске почета имеют большой опыт работы на стальной магистрали. Например, Бахитжан Токушев на железной дороге 30 лет. За годы работы он воспитал немало молодых специалистов, участвовал в реализации различных проектов. Было время, когда он уходил из профессии, но в итоге вернул-

ся к ней, так как понял, что стальная магистраль – это его стихия. Сегодня он начальник отдела организации и условий перевозок Павлодарского отделения ГП. В 2021 году получил почетное звание «Лучший по профессии».

Жанара ЖУСУПОВА,
Павлодар
Фото автора

ӨТКЕН КҮННЕН БЕЛГІ БАР



Қазір бізге күнде көріп жүрген тепловоздар таңсық емес. Бірақ осыдан жүз, алпыс-жетпіс жыл бұрын қолданыста болған нұсқаларын көрсек, таңданысымызды жасыра алмаймыз.



Ал теміржол кеш тартылған Маңғыстауға алғашқы тепловоз 1961 жылы келген ТТК-156 локомотиві екен. Енді басталған теміржол құрылысына қажет материалдарды алып келген. Теміржол болмаса тепловоз қайдан жүр дейсіз ғой? Ол кездері Батыс Қазақстан аймағы бойынша «Гурьев-Қандыағаш» желісінде теміржолдың түйісқалған тұсы болатын. Ал Маңғыстау түбегінде мұнай атқылап, қара алтынның қоры анықталмайынша, өрмекшінің торындай тарам-тарам болған автокөлік жолдары мен ат-арбалар жүретін соқақтар ғана бар-тұғын. Теміржол жергілікті халыққа тек арман еді. Атын естігені болмаса, көбісі көрмеген.

Тұрғындардың сол арманы шыңға айналып, алғашқы теміржол көлігі Бақулен Каспий теңізі арқылы баржамен жеткізіліпті. Жол құрылысына керек

материалдар, жабдықтар мен машиналар да сол баржадағы вагондарға тиеліп, вагонды тарту үшін ТТК-156 кішкене тепловозы қоса жеткізілген екен. Сондай-ақ, тепловозбен бірге Әзербайжаннан «Мақат-Ақтау» теміржол желісін Ақтаудан бастап салатын №66 теміржол құрылыс отряды да келіпті. Өкінішке орай, бұл оқиғаны көріп-білген теміржолшылардың көбісі қазір арамызда жоқ. Десе де, бұл туралы өңір теміржолының ақсақалы Амандық Алдабергеновтің хабары бар екен.

– 1966 жылы КСРО жол қатынасы министрлігінің жолдамасымен Маңғыстауға жас инженер болып келдім. Сондықтан түбек теміржолының қалыптасуынан біраз хабарым бар. 1961 жылы ТТК-156 маневрлік тепловозы Каспиймен жеткізілгенін, оның бірінші машинисін де білемін.



В рубрике «Рука помощи» мы призываем оказывать поддержку коллегам-железнодорожникам, их детям и близким родственникам, а также ветеранам магистрали, оказавшимся в трудной жизненной ситуации.

О беде, случившейся в семье менеджера департамента безопасности и охраны труда, промышленной безопасности и экологии филиала АО «НК «КТЖ» – «Дирекция магистральной сети» Жаксылыка Жаксыбаева, мы уже писали в нашей рубрике.

Его сыну Имангали поставили страшный диагноз – «острый лимфобластный лейкоз» (рак крови).

30 июня этого года Имангали успешно провели операцию по пересадке костного мозга в клинике Medipol Mega в городе Стамбуле (Турция). Ее стоимость 70 тысяч долларов, половину суммы – 35 тысяч– семья Жаксыбаевых уже оплатила. Оставшиеся 35 тысяч долларов администрация клиники обязалась выплатить в период прохождения реабилитации ребенка.

Реабилитацию и лечение в клинике Имангали проходит в настоящий момент. При этом у него низкие показатели тромбоцитов и лейкоцитов. На покупку лекарственных препаратов, за койко-место в клинике также требуются определенные денежные средства.

Больших доходов у семьи Жаксыбаевых нет, все имеющиеся средства они направляют на лечение ребенка. Просим всех неравнодушных оказать материальную помощь и подарить шанс на жизнь для Имангали.

Реквизиты: Kaspi 4400 4301 1130 8232, или по номеру телефона 8 701 759 7370 (мама Манат У.); Народный банк 4405 6397 1843 1248, или по номеру телефона 8 701 759 7370.



**ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ**

ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

**Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.**

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі
қызметкерлерінің кәсіби одағы»
қоғамдық бірлестігі айналысады.
© «Қазақстан теміржолшысы»
газетінде жарияланған
материалдарды
көшіріп немесе өңдеп басу үшін
редакцияның жазбаша рұқсаты
алынып, газетке сілтеме жасалуы
міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахиджа Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабиржан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубеева 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел.: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.